

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Экономика, басқару және құқық факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№ 4 хаттамасы

Түркістан қаласы

20.12.2024 ж.

Қатысқандар: факультет деканы Акимов Жақсылық Махмұтұлы, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы аға оқытушы А.Алимбаева, оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Е.Сәбидолла, кафедра меңгерушілері: э.ғ.к., профессор Азиретбергенова Гульмира Жарылхасыновна, PhD, доцент Құралбаев Алмас Ахметкаримович, PhD, Анламасова Макпал Касымхановна, PhD, Шалхаров Ернар Сайлаубекевич, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушылар: М.Оспанкулова, А.Алимбаева, Қ.Қаныбекова, Б.Шарханова және ОПҚ.

Күн тәртібі :

1. ПОҚ-дың индикативті жоспарларының орындалу барысы
2. **Факультет білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы жағдайын талдау**
3. **Білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамын анықтау**
4. Ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы
5. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау
6. **Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелерін талдау, институционалдық аккредиттеу бойынша, постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру туралы**
7. 2024-2025 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсатында Жоғары оқу орнының ақпараттық картасы толтырылатын дайындық бағыттарының БББ тізімін анықтау
8. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша факультет деканы Ж.Акимов сөз алды; факультет кафедралары ОПҚ ның индикативті жоспарларына сәйкес Академиялық бағыт, ғылым бағыты, адам ресурстарын және басқару тиімділігін жетілдіру бағыты, әлеуметтік мәдени бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілетіндігін айтты. Сондайақ ОПҚ индикативті жоспарларының орындалуы барысы ағымдағы жағдай бойынша қанағаттанарлық деңгейде екендігін атап, алдағы уақытта жүйелі бақылауды ұсынды.

Шешім: 1.1 ОПҚ- индикативті жоспарларының орындалуы барысы қадағалансын.

Екінші мәселе бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы жағдайы туралы сөз алған; менеджмент және туризм кафедрасының меңгерушісі А.Құралбаев білім беру бағдарламалары 6B11157-Туризм-54,2%, 6B04140-Менеджмент-64.5%, 6B04141-Мемлекеттік және жергілікті басқару-33.3%. Келесі сөз кезегін Халықаралық қатынастар кафедра меңгерушісі М.Анламасова алды; 6B03138-Халықаралық қатынастар-60%. Сөз кезегін алған Құқықтану кафедрасының меңгерушісі Е.Шалхаров 6B04245- Құқықтану-29%, Экономика, қаржы және есеп кафедра меңгерушісі Г.Әзіретбергенова 6B04142- Экономика-66.6%, 6B04143-Есеп және аудит-25%, 6B04144-Қаржы- 50% болғандығы туралы ақпаратты ұсынды. Сонымен қатар түлектерден кері байланыс алуы қиындау және

түлектердің көпшілігі өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналаспағандығын, жеке кәсіппен айналысатындықтарын атап өтті.

2024 жылғы түлектерінің жұмысқа орналасуы бойынша 20.12.2024 ж. дейінгі мәлімет

№	Білім беру бағдарламалары	Жалпы саны	Жұмысқа орналасқан дар саны	Оқуын жалғастырғандар	Әскерде /бала күтімін де	Шетел азаматтары	Құжаттармен %-дық көрсеткіш	Жұмыссыз
1	6B03138 -Халықаралық қатынастар	37	6	2	1	22	60%	6
2	6B04140 -Менеджмент	14	5	1	1	1	61,5%	5
3	6B04141- Мемлекеттік және жергілікті басқару	27	6	-	2	3	33,3%	16
4	6B04142 -Экономика	7	2	-	-	4	66,6%	1
5	6B04143- Есеп және аудит	8	2	-	-	-	25%	6
6	6B04144- Қаржы	22	10	1	-	-	50%	11
7	6B04245 - Құқықтану	62	15	-	3	-	29%	44
8	6B11157- Туризм	39	8	3	2	15	54,2%	11
Факультет бойынша		216	55	7	9	45	41,5	99

Шешім: 2.1 2024 жылғы түлектердің жұмысқа орналасуы жағдайы туралы ақпарат назарға алынсын.

Үшінші мәселе бойынша сөз алған оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Е.Сәбидолла «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20шілдедегі №2 бұйрығы, «УЕ-ХҚТУ-027-2022 Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі» талаптарына сәйкес қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамы туралы келесі ұсыныстар берілгендігін айтты. (1 қосымша)

Шешім: 3.1 Білім алушыларды қорытынды аттесттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамы университет Оқу-әдістемелік комитетіне бекітуге ұсынылсын.

Төртінші мәселе бойынша Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша факультеттің оқу-әдістемелік төрайымы А.Алимбаева сөз алып; кафедралардың өзара сабаққа кіру және ашық сабақтар кестеге сәйкес өткізіліп, кафедраның оқу-әдістемелік мәжілісінде талқыланып, арнайы журналда толтырылуда. Ашық сабақтар барысында түсіну тиімділігін арттыру үшін интерактивті әдістер қолданылды. Білім алушылардың қызығушылығын үнемі жандандырып отыру үшін өмірлеріне қатысты сұрақтар қойылды және топтарға бөліп, логикалық қорытындылар жасауға үйретілді. Сабақтарда слайд, бейнероликтер, кестелер қолданылды. Оқытушылардың өзін-өзі ұстауы, сөз саптауы, қашықтықтан жұмыс жасауы, студенттермен қарым-қатынасы жақсы. Білім алушылар сабаққа белсенді қатысып, сұрақ-жауап әдістерін қолдану арқылы сабаққа белсенді жауап беріліп отырды. Бағалау өз деңгейінде жүргізілді. Сабақтар ЖОО талабына сай өз деңгейінде өтті.

Экономика, басқару және құқық факультетіне қарасты кафедралардың өзара сабақтарына қатысу барысы бойынша:

Ашық сабақтарға қатысу мақсаты:

- оқу үдерісін оқу әдебиетімен және ғылыми-әдістемелік әзірлемелермен қамтамасыз ету мониторингін жүзеге асыру; оқу процесіне заманауи оқу-әдістемелік және ғылыми-

әдістемелік, дидактикалық материалдар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді, ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін, ақпараттық-кітапханалық жүйелерді және т. б. енгізу.

- озық педагогикалық тәжірибені жинақтау, тарату және білім беруді ақпараттандыру бойынша іс-шаралар өткізу.

Қатысқан ашық сабақтарды талдау нәтижелері, ұсыныстар:

Жалпы, ашық сабақтардың өту деңгейі, оқытушылардың оқытудың әр түрлі жаңа технологияларын қолданудағы мүмкіндіктері, сабақ кезінде студенттердің уәждемесін, олардың белсенділігін анықтау, кәсіби деңгейде өткізілген ашық сабақтардың материалдарын тарату түрінде ұсыну және жас оқытушылар арасында тарату, тәжірибені тарату мақсатында жас педагогтар үшін мастер-класс өткізу, т.б.

Кафедраларда өзара сабаққа қатысу журналдары жүргізіледі, оқытушылар өткізілген сабақтар туралы өз пікірлерін қалдырады, сабақтың сапасын, кемшіліктерін атап өтеді, сабақтарды өткізу сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар мен тілектер айтады.

№	Кафедра атауы	Жоспарланғаны
1	Менеджмент және туризм	10
2	Құқықтану	9
3	Халықаралық қатынастар	10
4	Экономика, қаржы және есеп	8
	Барлығы	37

Шешім: 4.1 Оқытушы-профессорлардың өзара сабаққа кіру және ашық сабақтардың орындалу барысындағы іс-шараларының өткізілу барысы мен нәтижелері қанағаттанарлық деп табылсын.

Әртүрлі мәселелер бойынша факультеттің Оқу- әдістемелік комитет төрағасы, А.Алимбаева сөз алып; «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасының э.ғ.к, аға оқытушы М.А.Кулбаеваның «Қазақстанда инновациялық кәсіпкерліктің дамуын жетілдірудің нарықтық механизмдері» атты монографиясын университеттің ғылыми кеңесіне ұсыну туралы айтты.

1. М.А.Кулбаеваның «Қазақстанда инновациялық кәсіпкерліктің дамуын жетілдірудің нарықтық механизмдері» атты монографиясымен танысқаны туралы өз ойын айтты. Автордың монографиясы Қазақстанда инновациялық кәсіпкерлікті жетілдірудің нарықтық тетіктерін зерттеудің өзектілігі қолданыстағы нарықтық құралдарды оңтайландыру және инновациялық секторды қолдау мен дамыту үшін жаңаларын құру қажеттілігімен негізделеді. Бұл елге өзінің экономикалық көрсеткіштерін жақсартып қана қоймай, әлемдік аренада орнықты жағдайға ие болуға мүмкіндік беретінін айтты.

2. Монографияны университеттің ғылыми кеңесіне ұсыну туралы мәселе бойынша «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасының профессоры Г.Ж.Азретбергенова сөз алып: Инновациялық кәсіпкерлік жаһанданған экономика жағдайында елдердің экономикалық өсуі мен бәсекеге қабілеттілігінің маңызды драйверін білдіреді. Қазақстан экономикасы қарқынды дамып келе жатқан және табиғи ресурсы мол ел ретінде өз экономикасын әртараптандыру және инновациялық бастамаларды қолдау үшін орнықты тетіктер құру қажеттілігіне тап болуда. Бұл тұрғыда нарықтық тетіктер инновациялық кәсіпкерлікті жетілдіру мен қолдаудың негізгі құралдарына айналууда.

Инновациялық кәсіпкерлікті дамыту үшін көптеген шығындарға әкелуі мүмкін. Себебі инновация ол жаңа бастама, жаңа идея болып табылады. Одан қандай нәтиже алатынын болжауға болады. Бірақ нақты тәжірибеде әртараптандыру керек. Монографияда кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін қаржыландыруда немесе

корландыруда мемлекеттік және қаржылық мүмкіндіктерді бірлікте пайдалану арқылы инновациялық тәуекелділік деңгейін төмендету керектігін атап өтті.

Сондықтан автордың бұл зерттеу жұмысы ұлттық әдебиетке үлкен үлес қосады деп есептеуге болады. Осы негізде автордың дайындаған монографиясын университеттің Ғылыми комитетіне ұсынуға лайық деп ойлаймын. Мәжіліс мүшелері бірауыздан қолдады.

Шешім: 5.1 «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасының э.ғ.к, аға оқытушы М.А.Кулбаеваның «Қазақстанда инновациялық кәсіпкерліктің дамуын жетілдірудің нарықтық механизмдері» атты монография қолжазбасын баспадан шығару жөніндегі ұсынысы Университеттің ғылыми комитетіне ұсынылсын.

Факультеттің Оқу-әдістемелік
комитет төрағасы



А.А.Алимбаева

